

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Басқарушылар кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдерін тағайындау туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы № 323 және "ТАСИС бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасынан Ұлттық үйлестірушіні тағайындау туралы" 2002 жылғы 27 наурыздағы № 357 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 1615 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Басқарушылар кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдерін тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 наурыздағы № 323 қаулысында:

1 - тармақта:

1) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Басқарушының орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Руслан Ерболатұлы Дәленов;»;

3) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Басқарушының орынбасары – Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда вице-министрі Абай Мұқашұлы Ескендіров;»;

4) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Басқарушы – Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрі Ерболат Асқарбекұлы Досаев;»;

5) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Басқарушы – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Өрентайұлы Исекешев;»;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.08.2016 № 488 қаулысымен.
Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.08.2016 № 488 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының
С. Ахметов